

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша  
білім бөлімінің №9 «Бәйтерек» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК өзін-өзі бағалау  
қорытындысы**

Бағалау түрі: өзін-өзі бағалау

Бағалау күні: 30.03.2023ж

Мұнайлы ауданы білім бөлімінің №9 «Бәйтерек» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК өзін-өзі бағалау комиссиясы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулығы», Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жыл 10 қараша №290-нқ бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті РММ төреғасының 2022 жыл 27 қараша №12, 2022 жыл 31 желтоқсан №14 бұйрығын басшылыққа ала отырып, сонымен қатар «ҚР Оқу-ағарту министрлігі білім беру саласында сапаны Маңғыстау облысының Білім саласында сапаны бақылау департаменті білім беру ұйымының 29.05.2023 жылғы №17-19/01-22/349 хатына сәйкес 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымдарын бағалау кезінде бағалау критерийлері бойынша негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері бойынша материалдарды талдады, оның ішінде жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігі қарастырылған білім беру қызметтеріне өзін-өзі бағалау жүргізді.

Өзін-өзі бағалауды Маңғыстау облыстық білім басқармасының бойынша Мұнайлы ауданы білім бөлімінің №9 «Бәйтерек» бөбекжайы директорының 2023 жылдың бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясы (бұдан әрі-комиссия) өткізді.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Комиссия төрайымы – Титанова Марям Усеновна, бөбекжай директоры;

Комиссия төрайымының орынбасары – Ибадуллаева Меруерт Насировна, әдіскер;

Мүшелері: Куванова Алима Джумабаевна, шар.меңгерушісі;

Новрузчаева Азиза Хасановна есепші;

Исенбаева Гулзира Абидуллаевна кәсіподақ төрайымы.

**I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№9 «Бәйтерек» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Мұнайлы ауданы әкімдігінің қаулысы №25к 02.02.2015жылғы

Жобалық сыйымдылығы – 280 орын.

Ғимарат типтік, екі қабатты.

Жалпы алаңы – 3844.7,м<sup>2</sup>

Құрылыс ауданы – 1,5141га

Қолдануға берілген жылы: 2015жыл

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№9 «Бәйтерек» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны тәрбиелеу – білім беру қызметін мынадай заңды құжаттарының негізінде жүзеге асырылады:

**- Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәліктің/куәліктің көшірмесі және жарғы қоса беріледі).**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалы Мұнайлы аудандық тіркеу және жер кадастр бөлімі Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу 22.01.2021 жылы жүргізілді, БСН 150240023065. № 174-1943-08-НВА-МК, бастапқы тіркелген күні 2015 ж, 19.02. Бөбекжайдың Жарғысы Маңғыстау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №8 қаулысымен бекітілген

**-Рұқсаттар (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлау талоны) электронды түрде сайтқа салынды.**

Заңды тіркеу орны:

- Қазақстан Республикасы, 130006, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Бесшоқы тұрғын үй алабы №15/5

**Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, веб - сайт).**

8(7292) 30 98 01

эл.почта: [baiterek\\_detsad@mail.ru](mailto:baiterek_detsad@mail.ru)

веб –сайт: baiterek-9.kz

Facebook: Бәйтерек Бәйтерек

Instagram: munaily\_baiterek

№9 «Бәйтерек» бөбекжайының жұмыс режимі: аптасына 5 күн.

10 жас ерекшеліктер тобы – 10сағат 30минут (8.00-ден 18.30-ға дейін)

Мұнайлы аудан білім бөлімі № 9 «Бәйтерек» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК директоры **Титанова Марям Усеновна** білімі - жоғары, Дашогуз қаласы, Б.Сейтакова атындағы педучилище «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»1995г, "Кайнар" университет, мамандығы педагог-психолог 2010 жыл, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, мамандығы логопед 2021 жылы, жалпы педагогикалық өтілі 30 жыл басшылық қызметтегі өтілі 10 жылдан астам, II санатты педагог, педагог-сарапшы 2023жыл сәуір айы.

**Әдіскер- Душатова Феруза Азатовна**, білімі жоғары, 2015 жылы Шымкент аймақттық-инновациялық әлеуметтік университеті «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2019 жыл мамандығы бойынша бітірген, жалпы педагогикалық өтілі 17 жыл, осы мекемеде-7 жыл, педагог-модератор.

**Әдіскер-Ибадуллаева Меруерт Насыровна**, білімі жоғары, Маңғыстау гуманитарлық колледжі «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2006 жыл,

"Кайнар" университет, педагог-психолог 2010 жыл, еңбек өтілі 16 жыл 10 ай, осы мекемеде-8 жыл, педагог-модератор.

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты: әр баланың мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оның әлеуеті мен толыққанды дамуын ашу.

Міндеттері: әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы дамушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;

-баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, толыққанды физикалық дамуы;

-интеграцияланған білім беру жағдайында коммуникативтік, танымдық – зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық қасиеттерді дамыту;

-баланың мектепте оқуға мотивациялық дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру;

-Отанға, ана тіліне, патриотизмге деген сүйіспеншілікті ояту;

-педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру;

-ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультативтік және әдістемелік көмек.

Мектепке дейінгі ұйымда 10 жас ерекшелік топтар бар:

10 топ қазақ тіліндегі тәрбие және оқыту.

**МКҚК №9 «Бәйтерек»  
бөбекжайының жас  
ерекшелік топтары**

№1  
«Балапан» кіші  
жас топ

№2  
"Күншуақ" кіші  
жас топ

№3  
"Балауса"  
ортаңғы топ

№4  
"Балдырған"  
кіші топ

№5  
"Қарлығаш" ересек топ

№6  
"Жұлдыз» ересек топ

№7  
"Бәйтерек" мектепалды  
топ

№8  
"Таңшолпан"  
мектепалды топ


№9  
"Құлыншақ" ересек топ

№10  
"Гүлдер" ортаңғы топ

## **II. Кадрлық әлеуетті талдау**

№9 «Бәйтерек» бөбекжайының 2020 жылғы 01 қыркүйекте бекітілген штат кесесіне сәйкес кадрлармен жасақталған. 2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша педагогикалық қызметті 36 педаг жүзеге асырады: 1 меңгеруші, 2 әдіскер, 2 музыкалық жетекші, 3 дене шынықтыру нұсқаушысы, 2 бейнелеу мұғалімі, 1 педагог-психолог, 25 тәрбиеші бар.


### №9 "БӘЙТЕРЕК" БӨБЕКЖАЙЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ 2023 ЖЫЛ БОЙЫНША



## 2.1 Педагогтердің білім деңгейі

Білімі	Оқу жылы		
	2020 – 2021	2021 – 2022	2022 – 2023
Жоғары білім	17	18	17
Арнаулы орта білім	21	20	36
Барлық педагогтар:	<b>38</b>	38	36
Педагогикалық білімі бар педагогтардың үлесі	100%	100%	100%

### Педагогтардың білім деңгейін салыстыру диаграммасы



Педагогикалық кадрлардың білім деңгейін талдау қазіргі уақытта педагогтардың санын көрсетті:

-жоғары бейінді білім-**18 педагог**, оның ішінде 9 педагог «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту», 5 педагог «педагогика және психология» білімі бар, 2 педагог дене шынықтыру және спорт, 2 педагог бейнелеу пәні маманы,


-арнаулы орта білімі-**18 педагог**, оның-15 педагог «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту», 1 педагог қайта даярлау курсынан өткен (бастауыш сынып мұғалімі) 2 педагог «музыка пәні жетекшісі», 1 педагог «дене шынықтыру нұсқаушысы» бейіні бойынша.

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі білімі бар тәрбиешілердің 9 жоғары және 14 арнаулы орта мектепке дейінгі білімі бар, жоғары педагогикалық білімі бар 1 тәрбиеші "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" қайта даярлау курстарында оқыды.

**Қорытынды:** білім беру деңгейін талдауға сүйене отырып, педагогтердің 100% тиісті деңгейдегі білім бар.

## 2.2. Педагогтардың біліктілік деңгейі

Оқу жылы	МДҰ барлық педагогтар	Біліктілік санаты				
		Педагог – зерттеуші жоғары	Педагог – сарапшы бірінші	Педагог – модератор екінші	Санаты жоқ	Үлесі %
2020-2021	38	1	3	18	15	61,5%
2021-2022	38	1	3	17	17	55,1%
2022-2023	36	1	1	18	16	55,4%



2023 жылғы сәуір айында 6 педагог қызмет нәтижелерін кешенді талдауды жинақтау үшін Маңғыстау облысының білім басқармасының аттестаттау комиссиясының қарауына портфолио материалдарын тапсырды. Директор-1 педагог – сарапшы, дене шынықтыру нұсқаушысы-1 педагог- модератор, 4 тәрбиеші педагог – модератор санатын алды.

## 2.4. Педагогтердің біліктілігін арттыру

Тәрбиешілер, педагог-мамандар білім беру және біліктілік деңгейін жүйелі түрде арттырады, ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға қатысады. Педагогикалық кадрлар курстық даярлықтан өту бойынша балабақшаның перспективалық жоспарына сәйкес және Ақтау қаласының әдістемелік орталығының кестесіне сәйкес кәсіби құзыреттілік деңгейін арттырады. Мектепке дейінгі ұйымда педагогтардың біліктілігін арттыру үшін келесі нысандар қолданылады:

## Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары 2020-2021ж

№	Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Курс тақырыбы	Өткен орны	Уақыты	Сертификат номері
1	Бегимова Нургул Амангельдиевна	«Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру» (235 сағат)	ПШО	1.09-16.10.2020ж	№ 006519
2	Авезбаева Саида Жумабаевна	«Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру» (235 сағат)	ПШО	1.09-16.10.2020ж	№ 006517
3	Базарбаева Курбангул Дузбаева	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық-педагогилалық аспектілері»	«Өрлеу» БАҰО Ақ филиалы	19-28.10.2020ж	№ 0390752
4	Ермекова Жанар Базарбаевна	«Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру»	ПШО	10.08- 12.10.2020ж	№ 006468
5	Баймаова Санимай Базарбаевна	«Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру»	ПШО	10.08- 12.10.2020ж	№ 006460
6	Кузембаева Гулшат Исенбиевна	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық-педагогилалық аспектілері»	«Өрлеу» БАҰО Ақ филиалы	02-11.11.2020ж	№ 0390849
7	Титанова Марям Усеновна	«Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық менеджмент»	«Өрлеу» БАҰО Ақ филиалы	09-20.11.2020ж	№ 4002921
8	Шангреева Айнұр Жетесовна	«Білім берудегі менеджмент»	ПШО	02-16.02.2020ж	af3a037c
9	Ибадуллаева Меруерт Насировна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жергілікті өзін-өзі басқару моделі»	Халықаралық білім беруді дамыту академиясы Нұр- Сұлтан қаласы	04-13.01.2021ж	№ 160640004283
10	Шангреева Айнұр Жетесовна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарда инклюзивті білім берудің түзетушілік-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыттылығы»	Халықаралық білім беруді дамыту академиясы Нұр- Сұлтан қаласы	05-19.05.2021ж	№ 160640004283
11	Чаштауова Тилекди Алыевна	«Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы »	ПШО	17.07.2021ж	№15fe75e2c

## Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары 2021-2022ж

№	Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Курс тақырыбы	Өткен орны	Уақыты	Сертификат номері
1	Кайырова Жамал Доктырбаевна	«Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістік дамытушы ортасын жобалау» (72 сағат)	«Өрлеу» БАҰО Ақ филиалы	11-21.10.2021ж	№ 0456798
2	Ровшенова Гулвира Файзуллаевна	«Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістік дамытушы ортасын жобалау» (72 сағат)	«Өрлеу» БАҰО Ақ филиалы	25.10- 04.11.2021ж	№ 0457066
3	Аблаева Асем Раимбердиевна	«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың инновациялық қызметін басқару» (80 сағат)	ҚР білім және ғылым министрлігі Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті	08-19.11.2021ж	№ 0068884
4	Байтықова Шынар Джанаевна	«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың инновациялық қызметін басқару» (80 сағат)	ҚР білім және ғылым министрлігі Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті	08-19.11.2021ж	№ 007223
5	Әниязова Ақбаян Сағындыққызы	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» (72 сағат)	«Өрлеу» БАҰО Ақ филиалы	11.04- 21.04.2022ж	№ 0514452
6	Альмуратова Қамар Абдуллақызы	«Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» (72 сағат)	«Өрлеу» БАҰО Ақ филиалы	11.05- 20.05.2022ж	№ 0514688
7	Ибадуллаева Меруерт Насировна	«Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» (72 сағат)	«Өрлеу» БАҰО Ақ филиалы	20-30. 06.2022ж	№0515225
8	Бурхаева Джамила Романовна	«Баланы ерте дамыту бағдарлары» (170 академиялық сағат)	ПШО	04.05.2022ж	№ 345b7325a

## Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары 2022-2023ж

№	Фамилиясы, аты, әкесінің аты	Курс тақырыбы	Өткен орны	Уақыты	Сертификат номері
1	Ибадуллаева Меруерт Насировна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» (72 сағат)	«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы	20- 30.06.2022ж	№ 0515225
2	Авезбаева Саида Жумабаевна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» (72 сағат)	«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы	22.08- 01.09.2022ж	№ 0516230
3	Коккозова Гулмира Табанбаевна	«Баланы ерте дамыту бағдарлары» (170 академиялық сағат)	ПШО	31.08.2022ж	№ 3578bac2c
4	Ибадуллаева Меруерт Насировна	«Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті» (80 академиялық сағат)	ПШО	22.08- 02.09.2022ж	№ 358916850
5	Душатова Феруза Азатовна	«Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы	03- 13.04.2023ж	№0596527
6	Альмуратова Қамар Абдуллаевна	«Балаларды ерте дамыту » (170 сағат)	ПШО	27.02- 10.03.2023ж	№0525498
7	Титанова Марям Усеновна	«Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы: балаларды дамыту бағдары» (80 академиялық сағат)	ПШО	17.04- 28.04.2023ж	анықтама №XGISOTO2 3
8	Байманова Санитай Базарбаевна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» (72 сағат)	«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы	22.05- 01.06.2023ж	№0702777
9	Абдыкеримова Алтынай Узбековна	«Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» (72 сағат)	«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы	29.05- 08.06.2023ж	№0702897
10	Ибадуллаева Меруерт Насировна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау» (72 сағат)	«Қазақстанд ық Қайта даярлау және біліктілік арттыру орталығы»	05.06- 14.06.2023ж	№060332



2020-2021 оқу жылдарында біліктілікті арттыру курстарының көпшілігі on-line режимінде өткізілгендігімен және педагогтердің ең көп санын қамту мүмкіндігімен түсіндіріледі. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында жақсы көрсеткіштер көрсетті.

**Қорытынды:** бөбекжай педагогтері курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысу арқылы кәсіби біліктілігін арттырады.

### **III. Тәрбиеленушілер контингенті**

№9 "Бәйтерек" бөбекжайында 10 топ жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі ұйымға балалар "Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына" сәйкес қабылданады. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға тұрақты қабылдау және құжаттарды қабылдау бос орындар болған кезде жыл бойы жүргізіледі.

Шартқа сәйкес келесі қызметтер ұсынылады:

- мектепке дейінгі ұйымның қызметін реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес балаларды тәрбиелеу және оқыту;
- сауықтыру іс-шаралары;
- мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен Мұнайлы ауданы білім басқармасының, Қазақ тамақтану академиясымен келісілген қысқы-көктемгі және жазғы-күзгі маусымдарға сәйкес перспективалы 20 күндік мәзір бойынша жүзеге асырылатын теңдестірілген 4 реттік тамақтану.

### **3.1. Бөбекжайдың балалары контингентінің сараптамасы**

№9 "Бәйтерек" бөбекжайы МКҚК тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 3 қосымшада көрсетілген.

### **IV. Оқу-әдістемелік жұмыс**

№9 "Бәйтерек" бөбекжайының оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу – білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

#### **4.1. Тәрбие-білім беру процесі.**

Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру үдерісін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
- 3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;
- 4) Республикалық және қалалық Сараптамалық Кеңестің Ғылыми кеңесінің қолдануына ұсынылған қосымша білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеуге сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтер жасайды. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған

перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педагогтер (бейнелеу пәні мұғалімі, музыкалық жетекші, дене шынықтыру нұсқаушысы және т.б.) өтпелі тақырыптар негізінде жасады. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген.

Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуенен, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бөбекжай топтарында ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен оқу процесін ұйымдастыру кезінде "Алматы кітап", «Арман-ПВ» оқу-әдістемелік кешендері пайдаланылды. 2022-2023 оқу жылы «БІЛІМ КИДС» платформасының электронды әдістемелік кешендері пайдаланылды.

2022-2023 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтер қағидаттарға бағдарланады:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету т.б).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әр-түрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

*Электрондық нұсқада 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспары, кестесі, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қоса беріледі.*

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру барысының тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы-қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда).

Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру барысын жетілдіру;
- баланың Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер "бақылау парағында" толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II, III даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізіледі. (2022-2023 оқу жылында балалардың даму деңгейі 1 цифрімен белгіленді) Баланы дамытудың жеке картасында "түзету іс - шаралары" бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші педагог-мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді.

*Электрондық нұсқада 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының мониторингі қоса беріледі.*

#### **4.5 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу**

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мыналарды қамтиды:

- 1) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау;
- 2) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға педагогтер мен отбасына консультациялық-әдістемелік көмек көрсету;
- 3) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау;

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекет процесінде жүзеге асырады, педагог-психолог ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдары жеке жоспар негізінде іс-әрекет ұйымдастырады.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны келесі әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды қамтиды:

1. жалпы білім беру тобында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу;
2. жеке бағдарламаларды (жоспар) құрастыру.

Мектепке дейінгі ұйымға ағымдағы жылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар он екі (12) бала қатысады:

№	Аты жөні	Туған күні	ИИН	Жолдама келген күні	Диагнозы
1	Азаматұлы Бекарыс	04.09.2018	180904502297	08.07.2021	РОП ЦНС ОНР-I уровня.
2	Алдаберген Арман	14.02.2018	180214505191	15.06.2021	Резидуально-органическое поражение. ЗПР церебрально-органического генеза. ОНР I-II уровня.

3	Бахытхан Марьям	22.12.2020	201222654248	19.08.2022	Сөйлеу тілінің тежелуі Задержка речевого развития.
4	Қанатқызы Айдария	14.12.2019	191214600409	12.10.2022	ЗПР
5	Наурызбай Бексултан	07.11.2018	181107501635	08.09.2021	РОП ЦНС ЗПР церебрально- органического генеза. ОНР-I уровня.
6	Нұр Думан	20.03.2018	180320501234	07.02.2022	Резидуально-органическое поражение ЦНС. ЗПР церебрально-органического генеза. ОНР-I уровня.
7	Орынбасар Ғалымжан	10.06.2018	180610501141	01.09.2022	Психикалық дамуының тежелуі. Сөйлеу тілінің жалпы дамуының 2-ші деңгейі
8	Парасатұлы Еркебұлан	16.08.2017	170816503760	07.02.2022	Резидуально-органическое поражение ЦНС. ЗПР церебрально-органического генеза. ОНР II уровня.
9	Тасбаев Айдын	24.07.2020	200724504559	08.11.2022	Сөйлеу тілінің тежелуі Задержка речевого развития.
10	Тасбаев Айқын	24.07.2020	200724504569	08.11.2022	Сөйлеу тілінің тежелуі Задержка речевого развития.
11	Турганбай Ғалымбек	17.07.2019	190717504813	15.06.2022	Задержка речевого развития.
12	Чокырбай Нұрислам	25.04.2017	170425505761	04,09,2020	РОП ЦНС ЗПР церебрально- органического генеза. ОНР-I уровня.

## **V. Оқу-материалдық активтер**

Бөбекжайымызда әр жас ерекшелігі тобында балалардың барлық қызмет түрлерінде тәуелсіз, белсенді және мақсатты дамуы үшін жағдайлар жасалған.

Топтардағы пәндік-көністіктік даму ортасы ұтымды ойластырылған, ыңғайлы, балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

Жиһаздың, оқу, ойын және басқа жабдықтардың орналасуы қауіпсіздік техникасының, санитарлық-гигиеналық нормалардың, балалардың физиологиясының, баланың психикалық әл-ауқатының, оның дамуының талаптарына толық сәйкес келеді және жауап береді, баланың өзін-өзі оқыту қабілетінің дамуына, функционалдық жайлылық принциптеріне оң әсер ете алады.

Қоршаған ортаны аймақтарға бөлу сәйкес жабдықталған.

Бөбекжайдың кіші тобында: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, танымдық қызығушылықты белсендіретін жылжымалы ойыншықтар, ашық ойындарға арналған жабдықтар, ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар.

Ортаңғы жастағы топтарда топтық бөлме білім беру ойыншықтарымен жабдықталған, лево, шығармашылыққа арналған материалдар, қуыршақтар, түрлі машиналар, дамытушы орталықтар, танымдық қызығушылықты арттыру үшін табиғи материалдар.

Ересек және мектепалды топтарында бөлмелері интеллектуалды қабілеттерді дамыту үшін бұрыштарда күрделі пазлдар, конструкторлар, математика негізі мен сауаттылық негіздерін игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сандар, сөздер, кестелер, үлкен қаріппен кітаптар, бояу беттері, сандар мен әріптермен баспа ойындары, ребустар, құралдар, балалар

энциклопедиялары, жануарлар туралы иллюстрацияланған басылымдар орналастырылған планетаның өсімдіктер әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карталар, киіну бұрышы, театрдың әртүрлі түрлері, табиғат бұрышы, зерттеу бұрышы, танымдық-зерттеу жұмыстарына арналған құрылғылар, проектор.

Бөбекжайда: дене шынықтыру және музыка залы, психолог кабинеті, бейнелеу кабинеті, қазақ бұрышы, әдістемелік кабинет, медбике және балаларды оқшаулау кабинеттері, бөбекжай ауласында жылыжай жұмыс істейді.

Дене шынықтыру залы әртүрлі қозғалыстар мен спорттық ойындарға арналған спорттық жабдықтармен және құрылғылармен жабдықталған. Дене шынықтыру залында: жұмсақ спорт модулі, гимнастикалық орындықтар, әртүрлі мөлшердегі шарлар, құрсаулар, лақтыруға арналған дорбалар, түрлі-түсті ленталар, жалаулар, жұмсақ текшелер, доғалар, арқан, түйреуіштер, жалпы дамыту жаттығуларын орындауға арналған текшелер бар. Гимнастикалық қабырға, Әр түрлі пішіндегі доптар, боулинг, әр түрлі пішіндегі гимнастикалық таяқшалар, массаж төсеніштері, 3 жасқа дейінгі балаларға арналған батут, футбол добы, балалардың эмоционалды көңіл-күйін қалыптастыру үшін залда музыкалық центр бар.

Музыкалық зал музыкалық аспаптармен жабдықдалған, Бөбекжайда әдістемелік кабинетінде үлгілік оқу бағдарламасы мен МЖМБС талаптарына сәйкес әдістемелік, оқу – тәрбие, түзету қызметіне арналған материал, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс істеуге арналған консультациялық материал, көркем және энциклопедиялық әдебиеттер мен шоғырланған.

Психологтың кабинетінде тиісті жабдықтар: әдістемелік материал, техникалық жабдықтар, жылжымалы жиһаз, жұмсақ диван, танымдық сипаттағы ойыншықтардың алуан түрлілігі, аквариум, теледидар, әдебиеттер мен журналдар.

Балабақша аумағына ағаштар, бұталар отырғызылды; гүлзарлар салынды. Балалардың ойын алаңдарында Мафтар (шағын архитектуралық нысандар): беседкалар, баспалдақтар, әткеншектер, карусельдер, орындықтар, үстелдер, секіргіш, спорт кешені орналасқан.

Жыл сайын балабақшаның материалдық-техникалық базасы жаңа жабдықтармен толықтырылады.

## **VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры**

- Бөбекжайда электрондық ресурстар базасы бар:
- стационарлық компьютер-9 дана.
- ноутбук-1 дана.
- теледидар - 12 дана.
- магнитофон -2 дана.
- "музыкалық киіз үй" оқыту кешені
- 1- дана.
- сканер - 3 дана.
- принтер -9 дана.
- проектор -1 дана.
- интерактивті тақта -1 дана.

- интернет желісі.

Мерзімді түрде бөбекжай топтарындағы кітапхана қоры, әдістемелік кабинетте жаңартылып толықтырылып отырады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған. Пәндік - кеңістіктік даму ортасының мазмұны балалардың мүдделеріне сәйкес келеді, мезгіл-мезгіл өзгереді, үнемі байытылады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аударады. (4-қосымша).

Ұйымдастырылған қызметте "Алматыкітап" оқу-әдістемелік кешендерін пайдаланады (5-қосымша).

**Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушыларының сауалнамасының нәтижелерін талдау.**

Талдау нәтижелері: сауалнамаға топтарындағы ата-ана қатысқан және оның тәрбиеленушілердің білім, білік дағдыларды игеруіне қанағаттанатындығын көрсеткен. Бағалау критериясына сәйкес балалардың жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру 78,6%. Бағалау 4 баллға сәйкес. Педагогтердің сауалнамасы нәтижесінде 36 қатысып, 100%. Бағалау өлшеуіштер 5 баллға сәйкес.

Қорытынды: ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушыларының сауалнамасының нәтижелерін талдау бойынша жалпы ұпай 5 балл.

№9 "Бәйтерек" бөбекжайы МКҚК өзін-өзі аттестаттаудың зерделенген материалдарының негізінде ұжыммен мұқият және сапалы жұмыс жүргізілді.

1. №9 "Бәйтерек" бөбекжайы МКҚК 100% педагогикалық кадрлармен жасақталған. Кадрлар құрамы штат кестесіне сәйкес келеді. Педагог-мамандардың тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар. Тәрбиешілердің "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту"мамандығы бойынша білімі бар. Кәсіби біліктілікті арттыру курстарын жүйелі түрде арттыруда.

Педагогтердің үш жылда 76.3,%- ы біліктілікті арттыру курстарында оқып, кәсіби біліктілігін арттырды.

Балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған. Заттық - кеңістіктік дамытушы ортасының мазмұны тәрбиеленушілердің мүдделеріне сәйкес келеді, мезгіл-мезгіл өзгереді, үнемі байытылады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аударады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасалған. Педагог-психолог, инклюзивті топтардың тәрбиешілері жеке даму бағдарламалары негізінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүргізеді. Білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы қауіпсіз, психологиялық

жайлы ортаны камтамасыз ете отырып, тәрбиені ізгілендіру және командалық тәсіл қағидаттарына негізделеді.

Мектепке дейінгі балалар «мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына» сәйкес қабылданады. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға тұрақты қабылдау, құжаттарды қабылдау бос орындар болған кезде жыл бойы жүргізілді.

Қазақстан Республикасын Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының әдістемелік нұсқаулығының 1,2,3,4,5-қосымшалары негізінде жұмыстар жүргізілгендігі айтылды. Ол 2020-2021, 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарын қамтығаны айтылды.

Атап айтқанда, комиссия Бағалау өлшемшарттарына сәйкес, білім беру ұйымының жұмыстарын толық мониторинг жүргізді. Сонымен қатар, бөбекжай туралы мәліметтер, құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, лицензия хабарлама қаралды. Бағалау өлшемшарттарының қосымшаларына сәйкес сандық, сапалық көрсеткіштердің есебі толтырылғаны айтылды.

#### Шешімі:

Өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының 4-қосымшасына сәйкес «35» балл «жақсы» деп танылсын.

Маңғыстау облысының білім басқармасының, Мұнайлы аудандық бойынша білім бөлімінің «№9 «Бәйтерек» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Комиссия төрайымы: Титанова Марям Усеновна  
Комиссия төрайымының орынбасары: Ибадуллаева  
Комиссия мүшелері: Куванова Алима Джумабаевна,  
шар.меңгерушісі

Комиссия мүшелері: Новрузбаева Азиза Хасановна есепші  
Комиссия мүшелері: Исенбаева Гулзира Абидуллаевна



Мерзурт Нәсірбаева

*[Handwritten signature]*

*[Handwritten signature]*  
*[Handwritten signature]*